

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөнінде комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 776 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпта және мәтін бойына "ведомствоаралық" деген сөз алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.01. N 177 қаулысымен .

Министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметін үйлестіруді күшейту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөнінде комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөнінде комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

1

тамыздағы

N

776

қаулысына

қосымша

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Ысқақов

- Қазақстан Республикасының Қоршаған

Нұрлан Әбділдәұлы

ортаны қорғау министрі, төраға

Бірәлиев

- Қазақстан Республикасының Қоршаған

Әлжан Хамидулаұлы

ортаны қорғау вице-министрі,

төрағаның орынбасары

Ыдырысова

- Қазақстан Республикасы Қоршаған

Светлана Кирилқызы

ортаны қорғау министрлігінің

Табиғатты қорғауды бақылау комитеті

төрағасының орынбасары, хатшы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 1 тамыздағы
№ 776 қаулысымен
бекітілген

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаны қорғау сапасын тұрақтандыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеті министрліктер, агенттіктер мен ведомстволардың Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияның функциялары :
шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін бағалау мен болжауды жүргізу және оның қоршаған ортаға әсерін азайту жөніндегі ұсыныстарды ә з і р л е у ;

Қазақстан Республикасының заңнамасын экологияландыру бойынша ұсыныстарды қарау және дайындау;

қоршаған ортаны қорғауды және табиғатты пайдалануды басқару жүйелерін оңтайландыру бойынша ұсынымдар дайындау;

табиғат қорғау қызметінде қоршаған ортаны қорғауды көтермелеудің экономикалық құралдарын енгізу бойынша ұсыныстар дайындау;

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия :
табиғатты пайдалану процестерін реттеу және қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын жалпы қабылданған халықаралық талаптарға сәйкес келтіру бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген т ә р т і п п е н е н г і з у г е ;

Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша экологиялық қауіпті

қызмет түрлерімен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілер өкілдерін және мемлекеттік органдардың өкілдерін Комиссияның отырысына шақыруға ж а н е о л а р д ы т ы н д а у ғ а ;

Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны Төраға басқарады.

7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды, тиісті материалдарды, ұсыныстарды дайындауды комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

8. Комиссияның төрағасы комиссияға басшылық жасауды жүзеге асырады; комиссия отырысының күн тәртібін белгілейді.

9. Комиссия төрағасының орынбасары ол болмаған кезеңде төрағаны ауыстырады.

10. Комиссияның хатшысы комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және ол өткеннен кейін хаттаманы ресімдейді.

11. Комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі.

12. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ отырыстың өткізілетін уақыты мен орнын комиссияның төрағасы белгілейді.

13. Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және егер оған комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады, хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие.

14. Шешім қабылдау кезінде Комиссия мүшелері тең дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

15. Комиссияның шешімі Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарына комиссия отырысының хаттамасы түрінде жеткізіледі.

16. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

17. Комиссияға бұған дейін жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган немесе өзге де комиссия құрылған;

комиссияның міндетін орындай алмайтындай не оның орындалуын орынсыз ететін өзге де жағдайларда комиссия өз қызметін тоқтатады.

18. Комиссияның қызметін тоқтатуға әкеп соғатын жағдайлар туындаған кезде, комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентімен белгіленген тәртіппен Үкімет шешімінің тиісті жобасын Үкіметке енгізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК